

Бекітемін:  
«Күншуақ» жекеменшік  
бөбекжай- бақшасының  
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

## «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»

(МАТ «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған ертеңгілігі)



Тәрбиеші: Орысбаева А  
Жамишова Г

Таушық ауылы, 2024 жыл.

**Тақырыбы:** «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»

**Мақсаты:** Балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және құттықтау. Ұстаз ұғымын балалардың санасына сіңдіру. Оларға деген құрметпен қарау.

**Әдіс-тәсілдер:** Ән шырқау, жыр-шумақтар айту, би және қызықты ойын.

**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме!

М — мейірімді

Ұ — ұлағатты

Ғ — ғазиз

А — ақылшы

Л — лайықты

І — іскер

М — мамандар!

Біз сіздерді бүгінгі төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің шәкірттер мен бүлдіршіндер тәрбиелеп, білім мен тәрбие беру жолыңыздағы еңбектеріңіз әрі қарай жана берсін! Ал, уақыт тауып бүгінгі мерекеге арналған «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» атты мерекелік шарамызға қош келдіңіздер!»

Бүгінгі күн құшақтарың гүлге толсын,

Дендеріңіздің саулығы мықты болсын!

Білім менен суарған білдіршіндерің,

Төл мерекеніз ұстаздар, құтты болсын! -дей келе алғашқы құттықтау сөзді бақшамыздың басшысы Алмагүл Ерболатқызына сөз кезегін береміз.

**Жүргізуші:** Ұстаз ....Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі - Ұстаз! Ұстаздарға арнаған топ балаларының әсем ән мен жыр шумақтары, күміс көмей би мен қызықты ойындарына кезек берсек. Ендеше, ортаға Алпамыс тобының балапандарын «Топ-топ балақан» әнімен қарсы алыңыздар!

**Ән:** «Топ-топ балақан»

**Орындайтын:** «Алпамыс» тобы

**Жүргізуші:**

Ұстаз деген жарық күні ғаламның,

Ұстаз деген анасы ол адамның.

Бүкіл адам мойындайды еңбегін,

Сенде одан адам болып жаралдың,-дей келе ұстаздарымызға арналған бүлдіршіндеріміздің жыр-шумақтарына кезек берелік.Ортаға «Ер Төстік» тобының балаларын қарсы алаңыздар!

**Тақпақтар:**Исмайл,Айзере,Айдай, Динара,Кәусар,Күнтай.

**Жүргізуші:**

Ұрпақ өмір жалғасады,

Көңілді күндер тусын алдан әлі.

Ән шашу, әсем әуен, түрлі өнер

Бүгінгі күн сіздерге арналады,- деп ортаға биші жігіттерімізді шақырайық.

Олай болса,ортаға «Толағай» тобының жігіттерін «Көк джигули» биімен қарсы алаңыздар.

**Би: «Көк джигули»**

Орындайтын: Толағай тобының ұлдары.

**Жүргізуші:**Ендігі кезекті ұлы ұстаздарға арналған мақал сөздерге бергім келіп тұр.Олай болса ортаға бүлдіршіндерімізді шақырайық.

Ортаға «Ер Төстік» тобын қарсы алыңыздар!

**Мақалдар:** Сартай, Аянат, Айару, Қарақат.

Сартай: «Ұстаз-анаңдай ұлы тұлға»

Айару: «Ұстаз-ұлы есім»

Қарақат: «Ұстаз болу сезімнің ақылдығы,

Ұстаз болу жүректің батырлығы»

Аянат: «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы»

**Жүргізуші:**

Қазақ қызы күлімдер күн көзіндей,

Дөңгеленіп билейді ай жүзіндей.

Жұлдыздардай өрнекті аспандағы,

Биші қыздар бұрала билейді би. Келесі кезекте «Ер Төстік» тобының биші

қыздарының әсем биіне кезек берелік.Ортаға «Ер Төстік» тобы «Қолшатыр»

биімен қарсы алаңыздар!»

**Би: «Қолшатыр»**

**Орындайтын: «Ер Төстік» тобы қыздары.**

**Жүргізуші:** Өмірінің мағыналы шақтары,

Балабақша содан бақыт тапқаны.

Тәрбиеші сол ұяның жүрегі,

Тәрбиеші сол ұяның мақтаны.

Тәрбиеші алғашқы ұстаз ол айқын!-дей келе «Ер Төстік» тобының әнші

қыздарын «Күншуақ балабақшам» әнімен қарсы алайық. Ортаға Айдай мен

Алуаны шақырамыз.

**Дуэт: «Балабақшам Күншуақ»**

Орындайтын: Айдай және Алуа.

**Жүргізуші:** Ұстаз-деген сөзге ,атқа тең келмейтін сөз жоқ шығар сірә.....Ұстаз –деген ардақты, киелі, ұлы құрметпен айтылатын ұлы сөз, ол әр адамның жастайынан сауатын ашып, тәрбие беріп,білім нәрімен сусындыратын болашаққа жол көрсетер аяндай әлпештеп ,аялап маңдайынан сипайтын анаңнан кейінгі екінші жан тұлға емес пе? Олай болса бүлдіршіндеріміздің ұстаздарға арналған өлең шумақтарына кезек берейік.Ортаға «Алтын сақа» тобының бүлдіршіндерінің құттықтауларын қабыл алыңыздар! Ортада «Алтын сақа» тобы бүлдіршіндері.Қарсы алыңыздар!

**Тақпақтар:Райана, Ақбөбек, Гаухартас, Әлинұр,Шапағат,Жарас.**

**Жүргізуші:**

Құлақтан кіріп бойды алар,

Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй -деп ортаға «Алтын сақа» тобының ұстаздарымызға арналған әндеріне кезек береміз.

**Ортада «Алтын сақа» тобы. «Ұстаздар» әнімен.**

**Ән: «Ұстаздар»**

**Жүргізуші:**

Қала,дала жайнап тұрған бау болсын!

Тәрбие –теңіз, береке-білім, құт болсын!

Ел байлығын маңдай термен жасастың,

Ұстаздарым дендеріңіз сау болсын! Аяулы ұстаздар !Төл мерекелеріңіз тағы да құтты болсын!Білім беру жолындағы еңбектеріңіз еленіп,абырой биігінен көріне беріңіздер деген ізгі тілекпен бүгінгі мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз!Сау саламатта болыңыздар!

